

Бас бостандығынан айырылған адамдардың еңбегіне ақы төлеу шарттары мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 қаңтардағы N 20 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 925 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.11.2015 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақ ССР-інің Еңбекпен түзеу кодексінің 56-бабына өзгерістер енгізу туралы" 1992 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Бас бостандығынан айырылған адамдардың еңбегіне ақы төлеу шарттары мен тәртібі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қолданылып жүрген ведомстволық нормативті актілерді осы қаулыға сәйкестендірсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 8 қаңтардағы
N 20 қаулысымен
бекітілген

Бас бостандығынан айырылған адамдардың еңбегіне ақы төлеудің шарттары мен тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Бұл Ереже Қазақ ССР-інің еңбекпен түзеу кодексіне, Қазақ ССР-нің Еңбек туралы заңдар кодексіне және Қазақстан Республикасының басқа да заңды актілеріне сәйкес әзірленген.

I. Бас бостандығынан айырылған адамдардың еңбегі

1. Еңбекпен түзеу мекемелерінің өндірістік-шаруашылық қызметі оның негізгі мақсатына - сотталғандарды қайта тәрбиелеу мен түзеуге бағындырылуға тиіс.

Еңбекпен түзеу мекемесінде ұсталатын әрбір сотталған адам еңбек етуге міндетті. Еңбекпен түзеу мекемелерінің әкімшілігі сотталғандарды еңбек ету қабілетіне және мүмкіндігінше мамандығына қарай жұмыспен қамтамасыз етеді.

Сотталғандар, әдетте еңбекпен түзеу мекемелерінің кәсіпорындарында, ал кәметке толмаған сотталғандар - тек еңбекпен тәрбиелеу колонияларының кәсіпорындарында еңбекке тартылады. Еңбекпен түзеу мекемелерінің ерекше режимдегі колонияларында ұсталатындар, әдетте, ауыр жұмыстарға пайдаланылады. Бас бостандығынан айыру жазасын түрмелерде өтейтін сотталғандардың еңбегі тек түрме аумағында ұйымдастырылады.

Сотталған адамдардың еңбегін басқа министрліктермен мен ведомстволар ұйымдарының шаруашылық объектілерінде пайдалану Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекіткен Үлгі шартпен реттеледі.

II. Бас бостандығынан айырылған адамдардың еңбек жағдайы

2. Жазасын жалпы, күшейтілген, қатаң, ерекше режимді еңбекпен түзеу колонияларында, еңбекпен түзеу қоныс-колонияларында және түрмелерде өтейтін адамдар үшін сегіз сағаттық жұмыс күні белгіленеді; оларға апта сайын бір күн демалыс беріледі. Еңбек туралы заңда көрсетілген тәртіп бойынша сотталған адамдар мереке күндері жұмыстан босатылады. Сотталғандар үшін демалыс және мереке күндерінің алдында жұмыс күні қысқартылмайды.

Сотталғандарды демалыс және мереке күндері жұмысқа қатыстырған кезде, оларға Қазақ ССР-інің еңбекпен түзеу кодексінде белгіленген тәртіп бойынша демалыс беріледі. Сотталған адамның босатылуына немесе оны тасымалдауға байланысты басқа демалыс күн беру мүмкін болмаған ерекше жағдайларда, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысына осы Ереженің 26, 27 тармақтарында көзделген тәртіппен ақы төленеді.

Жазасын еңбекпен тәрбиелеу колонияларында өтейтін сотталғандар үшін жұмыс күнінің ұзақтығы және апта сайын берілетін демалыс күні Еңбек туралы заңға сәйкес жалпы негізде белгіленеді.

Сотталғандарға белгіленген, өндіріс жұмыс жағдайына байланысты күн және апта сайынғы жұмыс күнінің ұзақтығын сақтауға мүмкіндігі жоқ үздіксіз жұмыс істейтін кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ цехтар мен учаскелерде және кейбір жұмыс түрлерінде еңбекпен түзеу мекемесінің басшылығы өзінің жоғары тұрған органының келісуімен есепті кезеңдегі жұмыс

уақытының ұзақтығы белгіленген жұмыс сағатынан аспауы үшін жұмыс уақытын жинақтап есепке алуды енгізе алады.

Еңбекпен тәрбиелеу колонияларында жұмыс аптасының ұзақтығы:

- жасы 16-дан 18-ге дейінгі сотталғандарға - 36 сағат,
- жасы 14-тен 16-ға дейінгі сотталғандарға - 24 сағат болып белгіленеді.

Еңбекпен тәрбиелеу колонияларында ұсталатын сотталғандардың еңбек жағдайы еңбек туралы заңмен реттеледі.

Еңбекпен түзеу колонияларының жалпы, күшейтілген, қатаң және ерекше режимдерінде, еңбекпен түзеу қоныс-колонияларында, сондай-ақ түрмелерде ұсталып, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін сотталғандардың жұмыс күнінің ұзақтығы халық шаруашылығының осындай жұмыстарындағыға қарағанда бір сағат артық белгіленеді.

3. I-II топтағы мүгедек сотталғандар өздерінің қалауына қарай еңбекпен түзеу мекемелерінің дәрігерлік комиссиясының қорытындысы және еңбек ұсынысы бойынша қатыстырылады. Олардың жұмыс күнінің ұзақтығын еңбек етуге жарамдылығына қарай дәрігерлік комиссия анықтайды.

III-топтағы мүгедектер үшін 8 сағаттық жұмыс күні белгіленеді.

4. Жұмыстың басталуы мен аяқталуы, тамақ ішуге және демалуға берілетін үзіліс еңбекпен түзеу мекемесінің ішкі тәртіп Ережелерімен реттеледі. Жылдың суық кезеңінде ашық ауада сотталғандардың жұмыс істеуі еңбек туралы заңдармен реттеледі.

5. Сотталғандар Қазақ ССР-нің еңбекпен түзеу кодексінде белгіленген тәртіппен бас бостандығынан айыру орындарын және оған іргелес аумақтарды көркейту, сондай-ақ сотталғандардың мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстарға ақы төлемей қатыстырылады.

6. Сотталғандардың еңбегі Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарында белгіленген еңбекті қорғау және хауіпсіздік техникасының ережелерін сақтай отырып ұйымдастырылады.

7. Жазасын өтеу кезінде еңбек ету қабілетінен айырылған адамдар жазаны өтеуден босатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңдарында жұмысшылар мен қызметшілерге белгіленген реттер мен тәртіп бойынша зейнетақы алуға және келтірілген зиянға өтем жасалуына хұқы бар.

III. Бас бостандығынан айрылған адамдардың еңбегіне ақы төлеу тәртібі

8. Бас бостандығынан айрылған адамдардың еңбегіне еңбегінің саны мен сапасына сәйкес халық шаруашылығының тиісті салаларында қолданылып

Сотталғандардың өндірістік жоспарды орындау мен асыра орындауға, оның рентабельдігі мен тиімділігін арттырып, еңбек өнімділігін өсіруге, өнім сапасын жақсартуға және шикізат пен материалды үнемдеуге ынталылығын күшейту үшін материалдық мерзімді-сыйлықты және кесімді-сыйлықты еңбекке ақы төлеу жүйесін енгізуге болады.

10. Сотталғандар орындаған жұмысты тарифтеу, оларға біліктілік разрядын белгілеу жұмыстардың және жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік анықтамалықтарына сәйкес жүргізіледі.

Сотталғандарға біліктілік разрядын беру немесе оны көтеру цехтағы немесе учаскедегі жұмыстың күрделілігі, сотталған адамның теориялық даярлығы ескеріліп жүргізіледі.

Бұл жұмысты жүргізу үшін еңбекпен түзеу мекемелерінде біліктілік комиссиялары ұйымдастырылады. Комиссияның төрағасы болып бас инженер немесе кәсіпорын директоры, мүшелері болып бөлім бастығы немесе еңбекті ұйымдастыру және айлықақы жөніндегі инженер, кәсіптік-техникалық оқыту инженері, қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженер, цех (учаске) басшысы отряд бастығы тағайындалады.

Разряд беру немесе оны көтеру туралы мәселені қарауға, қажет болған жағдайда, біліктілік комиссиясы осы кәсіптің білікті жұмысшыларын немесе басқа қызметтердің мамандарын, сондай-ақ жылу жүйесін қадағалау, Мемлекеттік қалалық техникалық қадағалау немесе Мемлекеттік энергияны қадағалау органдарының өкілдерін қатыстырады.

Біліктілік комиссиясының қорытындысы негізінде еңбекпен түзеу мекемесінің бастығы немесе кәсіпорын директоры сотталған адамға біліктілік разрядын бекітіп, оны бұйрықпен немесе өкіммен ресімдейді. Сотталған адамға берілген разряд оның жеке ісіне жазылады.

V. Өндірістік бригадалар бригадирлеріне төленетін қосымша ақы

11. Өндірістік бригадаларда, халық шаруашылығында қолданылып жүрген қазіргі ережелерде босалқы бригадирлер лауазымы көзделгеннен басқа жұмыстарда, босалқы бригадирлерді ұстауға рұқсат етілмейді.

12. Сотталғаннан тағайындалған босалқы бригадирлердің (ауыл шаруашылығындағы звено бастықтары) еңбегіне ақы төлеу бригаданың басқа мүшелерімен ортақ негізде жүргізіледі.

Еңбекпен түзеу мекемелерінің, кәсіпорындарының, құрылыс және құрылыс-монтаж ұйымдарының басшыларына сотталғандардан сайланған негізгі жұмыстан босатылмаған бригадирлерге (звено бастықтарына) бригадаға (звеноға) басшылық еткені үшін халық шаруашылығында қолданылып жүрген

нормативті актілерге сәйкес қосымша ақы белгілеу хұқы беріледі.

Бригадаға (звеноға) басшылық еткені үшін бригадирлерге (звено бастықтарына) бригада (звено) бір айдағы орта есеппен өндірім нормасын орындаған жағдайда төленеді.

Бригадада еңбекті нашар ұйымдастырғаны, материалдарды бүлдіргені, өнім сапасын төмендеткені және өндірісте басқа да ағаттықтар жібергені үшін еңбекпен түзеу мекемесінің басшысы бригадирге (звено бастығына), бригадаға (звеноға) басшылық еткені үшін төленетін қосымша ақыдан айыра алады немесе оның мөлшерін кеміте алады.

VI. Сотталғандарға жетекші, маман, қызметші міндеттерін атқарғаны, сондай-ақ шаруашылық жұмыстарда істегені үшін ақы төлеу

13. Қол астында еркімен жалданып істейтін қызметкерлері жоқ жетекші, маман, қызметші лауазымындағы сотталғандардың лауазымдық жалақысы халық шаруашылығының тиісті салаларында қолданылып жүрген схемалар бойынша белгіленеді.

Схемаларда жалақысы (ставкасы) мамандығы бойынша жұмыс стажына қарай белгіленген лауазымдағы сотталғандардың лауазымды жалақысының (ставкасының) нақты мөлшері бірінші жылға қарай, мамандығы бойынша жұмыс стажы есепке алынбай белгіленеді.

Егер медицина қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын өсіру Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі бекіткен мекемелер мен бөлімшелердің, сондай-ақ денсаулыққа қатерлі және өте ауыр еңбек жағдайларына байланысты қызметкерлеріне схемалық лауазымдық (айлық) жалақысын (ставкаларын) көтеру хұқығын беретін лауазымдар тізбесі көзделген болса, онда мұндай өсіру заңмен рұқсат етілген, тиісті медициналық лауазымдағы сотталғандарға сондай мөлшерде жүргізіледі.

14. Сотталғандарды еңбекпен түзеу мекемелерінің әскерилендірілген өрт сөндіру күзетінде қатардағы өрт сөндіруші, жүргізуші, моторшы қызметінде пайдаланған жағдайларда, олардың лауазымдық жалақысы өрт сөндіру күзетінің автомобиль көлігінің өз еркімен жалданып істейтін қызметкерлерінікіндей болып белгіленеді. Бұл сотталғандарға азық-түлік үлесінің орнына ақшалай өтем жасалмайды.

15. Еңбекпен түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларына шаруашылық қызмет көрсететін жұмыстарда істейтін сотталғандардың лауазымдық жалақысының мөлшерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді. Ол Қазақстан Республикасында белгіленген есептік көрсеткіштен кем

ЕСКЕРТУ. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09. N 987 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 2004.03.03. N 260 қаулысымен.

VII. Мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу

16. Кесімді ақы төленетін жұмыстарда істейтін сотталған мүгедектердің еңбекақысы жұмысшыларға белгіленген қолданылып жүрген нарық бойынша, шығарған өнімнің саны мен сапасына қарай, ал мерзімді жұмыстарда істейтін сотталған мүгедектерге - дені сау сотталғандар үшін белгіленген тарифтік ставка бойынша, нақты істеген уақытына қарай төленеді.

17. Туберкулезбен ауыратын үшінші топтағы мүгедектігі бар, кесімді ақы төленетін жұмыста істейтін сотталғандарға, өндірім нормасы дені сау адамдарға қарағанда 20 процент кем белгіленеді.

Мұндай жағдайда дені сау сотталғандар үшін арналған нарық қолданылады.

VIII. Сотталғандар қатарындағы оқушыларды оқыту, біліктілігін өзгерту немесе басқа кәсіпке үйрету кезінде олардың еңбегіне ақы төлеу

18. Кесімді ақы төленетін жұмысшы кәсібіне жеке-дара үйрету кезінде о қ у ш ы л а р ғ а :

- оқудың бірінші айында - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 75 проценті мөлшерінде;

- оқудың 2-ші айында - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 60 проценті мөлшерінде;

- оқудың 3-ші айында - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 40 проценті мөлшерінде;

- оқудың 4-ші айында және оқу бағдарламасында көзделген мерзім аяқталғанға дейінгі барлық айларда - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 20 проценті мөлшерінде еңбекақы төленеді.

Бұған қоса оқушылар жасаған жарамды өнім үшін оларға кәсіпорында қолданылып жүрген нормалар мен нарықтар бойынша жалақы есептеледі.

19. Мерзімді ақы төленетін жұмысшы кәсібіне жеке-дара үйрету кезінде о қ у ш ы л а р ғ а :

- оқудың 1-ші және 2-ші айларында - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 75 проценті мөлшерінде;

- оқудың 3-ші және 4-ші айларында - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 80 проценті мөлшерінде;

- оқу бағдарламасында көзделген мерзім аяқталғанға дейінгі барлық айларында - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 90 проценті мөлшерінде еңбекақы төленеді.

Өндірістік оқу үйретуші жұмысшылардың жабдықтарында жүзеге асырылған кезде кесімді ақы төленетін жұмыстарда істейтін оқушылардың еңбегіне осы тәртіппен ақы төленеді.

20. Оқушыларды бригадада оқытқан кезде олардың еңбегіне:

- оқудың 1-ші айында - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 75 проценті мөлшерінде;

- оқудың 2-ші айында - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 60 проценті мөлшерінде;

- оқудың 3-ші айында - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 40 проценті мөлшерінде;

- оқудың 4-ші айында және оқу бағдарламасында көзделген мерзім аяқталғанға дейінгі барлық айларда - 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 20 проценті мөлшерінде ақы төленеді.

Бұған қоса, оқудың екінші айынан бастап оқушыларға бригаданың жалпы кесімді тапқан табысы есебінен 1-разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының 100 процентіне дейінгі мөлшерде қосымша ақша төленеді.

Егер оқушылар бригада қызметкерлерінің көбеюіне байланысты өнім шығару мөлшері ұлғаймайтын агрегаттарда істейтін бригада құрамына енгізілген болса, олардың еңбегіне мерзімді ақы төленетін жұмысшы кәсібіне үйрету кезіндегідей тәртіппен ақы төленеді.

21. Сотталғандардың біліктілігін өзгерту немесе өндіріс қажеттілігіне байланысты екінші кәсіпке үйрету кезінде олардың еңбегіне:

- үйренудің 1-ші айында - бұрынғы жұмысының соңғы үш айы ішінде есептелген жалпы орташа тапқан табысының 100 проценті мөлшерінде;

- үйренудің 2-ші айында - бұрынғы жұмысының соңғы үш айы ішінде есептелген жалпы орташа тапқан табысының 70 проценті мөлшерінде;

- үйренудің 3-ші айында - бұрынғы жұмысының соңғы үш айы ішінде есептелген жалпы орташа тапқан табысының 40 проценті мөлшерінде ақы төленеді.

Бұған қоса, аталған сотталғандарға үйренудің 2-ші айынан бастап олардың жасаған жарамды өнімі үшін кәсіпорында қолданылып жүрген нормалар мен нарықтар бойынша еңбекақы төленеді.

Аталған сотталғандарды үйретушінің жабдықтарында оқытқан жағдайда, бағдарламада көзделген үйрету кезінде оларға бұрынғы жұмысының соңғы үш айының ішінде жалпы орташа тапқан табысы есебінен ақы төленеді.

22. Кәмелетке толмаған үйренуші сотталғандарды тікелей өндірісте оқытқан кезде тек жасаған жарамды өнімі және өз бетінше орындаған жұмысы үшін ғана еңбекақы төленеді.

IX. Оқушыларды оқытқаны және сотталғандардың біліктілігін көтергені немесе екінші кәсіпке үйреткені үшін сотталғандар қатарындағы білікті жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу

23. Тиісті нормативтік акті шығарылғанға дейін сотталғандар қатарындағы негізгі жұмысынан босатылмаған білікті жұмысшылардың бағдарламада көзделген оқу кезінде оқушыларды оқытқаны, сотталғандардың біліктілігін көтергені немесе оларды екінші кәсіпке үйреткені үшін олардың еңбегіне ақы төлеудің тәртібі мен мөлшерін еңбекпен түзеу мекемелерінің кәсіпорындары ө з д і г і н е н б е л г і л е й д і .

Сотталғандар қатарындағы оқушыларды оқытатын және сотталғандардың біліктілігін көтеретін немесе оларға екінші кәсіп алуға үйрететін білікті жұмысшыларға еңбекақы үйренушілер бағдарламамен белгіленген сынақты тапсырған соң бір мезгілде төленеді.

X. Мерзімнен тыс жұмыстың ақысы

24. Әдетте мерзімнен тыс жұмыс істеуге рұқсат етілмейді. Еңбекпен түзеу мекемелерінің әкімшілігі Еңбек туралы заңдарда белгіленген ерекше жағдайларда ғана мерзімнен тыс жұмыс істеуді қолдана алады. Мерзімнен тыс жұмыстың жалпы саны сотталғандар үшін бір жылда 120 сағаттан аспауы тиіс, ал өндірісте екі күн бойы қатарынан жұмыс істеуге жұмсалған уақыт, 4 сағаттан а с п а у ы к е р е к .

Мерзімнен тыс жұмыстарға:

- 18 жасқа толмаған сотталғандар;
- жүкті әйелдер және емшекте баласы бар аналар;
- өршіген туберкулезбен ауыратын сотталғандар;
- дәрігерлік комиссияның мерзімнен тыс жұмыстан босату туралы қорытындысы бар мүгедектер жіберілмейді.

Мерзімнен тыс жұмысты қолдану үшін еңбекпен түзеу мекемесінің бастығы бұйрық шығарады және сотталған әрбір адамның күнтізбе жыл бойы мерзімнен тыс істеген сағатын жинақтап есептеу қамтамасыз етіледі.

25. Мерзімнен тыс жұмысқа төмендегідей мөлшерде сыйақы есептеледі:

- а) өнеркәсіп кәсіпорындарында (орман өнеркәсібінен басқа):
 - сотталғанға мерзімді ақы төленетін кезде оның мерзімнен тыс істеген алғашқы екі сағатының әрқайсысы үшін бір жарым сағаттық, ал одан кейінгі

мерзімнен тыс әрбір сағат үшін берілген разрядтың екі сағаттық графиктік ставкасы (немесе лауазымдық жалақысының тиісті бөлігі) есептеледі;

- кесімді ақы төленетін кезде сотталған адамға кесімді нарық бойынша тапқан табысына қоса мерзімнен тыс істеген алғашқы екі сағатының әрқайсысына берілген разрядтағы мерзімді тарифтік ставка бойынша 50 процент, ал одан кейінгі сағаттарына 100 процент қосымша ақы төленеді;

б) мерзімді және кесімді жұмыс істейтін жұмысшыларға бірыңғай тарифтік ставка белгіленген металлургия өнеркәсібінде, құрылыста және автокөлікте істейтін сотталғандарға мерзімнен тыс жұмыс істегені үшін қосымша ақы осы тармақтың "а" тармақшасында көзделген нормалар бойынша, бірақ белгіленген тарифтік ставканың 75 проценті есебінен төленеді. Мұндай жағдайда сотталғандар мерзімнен тыс істеген жұмысының алғашқы екі сағатының әрқайсысы үшін бірыңғай тарифтік ставканың 37,5 проценті, ал одан кейінгі сағаттары үшін 75 проценті мөлшерінде қосымша ақы алады.

Салынып жатқан және жұмыс істеп тұрған шахталарда жер асты жұмыстарындағы сотталғандарға қосымша ақы аталған норма бойынша бірыңғай тарифтік ставканың 50 проценті есебінен есептеледі, яғни мерзімнен тыс істеген алғашқы екі сағатының әрқайсысы үшін бірыңғай тарифтік ставканың 25 проценті, кейінгі сағаттары үшін 50 проценті мөлшерінде төленеді;

в) жұмыс уақыты жинақталып есептелген кезде мерзімнен тыс істелген жұмысқа еңбек туралы заңдарда белгіленген ортақ нормалар бойынша өтем жасалады. Соның өзінде алты күндік жұмыс апталығы күнтізбесі бойынша сол есепті кезеңдегі әрбір жұмыс күні ішінде орташа есеппен екі сағаттан аспайтын мерзімнен тыс сағат санына ғана бір жарым мөлшерде қосымша ақы төленеді. Кесімді ақы төленетін жұмыстарда істейтін жұмысшылар және мерзімді сыйақы төленетін жүйеде істейтін жұмысшылар өзінің тапқан табысынан тыс, мерзімнен тыс істеген жұмысының алғашқы екі сағатының әрқайсысына сағаттық тарифтік ставканың жартысы мөлшерінде қосымша ақы алады. Қалған сағаттары есепті кезеңде мерзімнен тыс жұмыс іс жүзінде күн және сағат бойынша бөлінбегеніне қарамастан екі есе мөлшерде төленеді, яғни сотталғандар өзінің тапқан табысына қоса мерзімнен тыс істеген жұмысының кейінгі әрбір сағатына толық тарифтік ставка мөлшерінде қосымша ақы алады.

Мерзімнен тыс істеген жұмысына қосымша ақы алуға нормаланған жұмыс күні белгіленген жұмыстар мен лауазымдарда істейтін сотталғандардың хұқы бар

Нормалы сағаттан тыс, бірақ ауысым кестесіне сәйкес келетін жұмыс (мәселен: ауысым ұзақтығын қысқарту мүмкін емес үздіксіз істейтін өндірістерде) мерзімнен тыс жұмыс деп саналмайды.

XI. Мерекелер күндері және апта сайынғы демалыс күндерінде істелген жұмысқа ақы төлеу

26. Өнеркәсіп кәсіпорындарында (орман өнеркәсібінен басқа) сотталғандардың мерекелер күндеріндегі жұмысына:

- кесімді жұмыстағыларға екі еселенген кесімді нарық бойынша;
- мерзімді жұмыстағыларға - сағаттық (күндік) ставканың екі еселенген мөлшерінде;
- лауазымдық (айлық) жалақы белгіленген сотталғандарға - мерекелер күнгі жұмыс айлық жұмыс нормасы шегінде істелген болса, жалақыдан тыс бір сағаттық немесе күндік ставка мөлшерінде, ал егер, жұмыс айлық нормадан тыс істелген болса, жалақыдан тыс екі сағаттық немесе күндік ставка мөлшерінде ақы төленеді.

Аталған мөлшердегі ақы сотталғандарға мерекелер күндері нақтылы істеген сағатына төленеді. Мерекелер күні жұмыс ауысымы бір бөлігіне келетін болса, онда мерекелер күндері нақтылы жұмыс істеген сағаттары (0-ден 24-ке дейін) алынады.

Мерзімнен тыс істелген жұмыс сағатын есептеген кезде мерекелер күндері жұмыс уақытының нормасынан тыс істелген жұмыс есептелмейді, өйткені бұл жұмыс екі есе мөлшерде төленіп қойған.

Үздіксіз жұмыс істейтін кәсіпорындарда (цехтарда, учаскелерде, агрегаттарда), сондай-ақ жұмыс уақытын жинақтап есептеген кезде мерекелер күндеріндегі жұмыс айлық жұмыс нормасына енгізіледі. Жұмыс нормасы күнтізбе бойынша белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығын сотталғандардың осы айдағы жұмыс күндеріне көбейтумен анықталады.

27. Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы (орман өнеркәсібінен басқа) демалыс күнгі жұмысқа:

- кесімді жұмыстағыларға - жұмыс істеген әр сағаты үшін жалпы кесімді тапқан табысынан тыс сол разрядтағы мерзімді жұмыс істейтіндердің бір сағаттық тарифтік ставкасы мөлшерінде;
- мерзімді жұмыстағыларға - жұмыс істеген әр сағаты үшін екі еселенген сағаттық тарифтік ставка мөлшерінде ақы төленеді;
- бірыңғай тарифтік ставка (кесімді және мерзімді жұмыс істейтіндер үшін) белгіленген сотталғандарға - аталған қосымша толық күндік (сағаттық) тарифтік ставка есебінен төленеді.

XII. Сотталған адамның кінәсіз өндіріс нормасы орындалмаған, өнімде ақау жіберілген және бос тұрып қалған кезде еңбекке ақы төлеу

28. Сотталған адамның кінәсіз өндірім нормасы орындалмаған кезде еңбекақы нақты істелген жұмысы үшін төленеді. Мұндай жағдайда айлықақы оған белгіленген разрядтың тарифтік ставкасының үштен екі бөлігінен кем болмауы керек. Өндірім нормасы сотталған адамның кінәсінен орындалмаған кезде еңбекақы орындалған жұмысқа сәйкес төленеді.

29. Сотталған адамның кінәсіз ақаулы өнімдер шығарылған кезде бұл өнімді жасауға кеткен еңбекке төмендетілген нарықпен ақы төленеді. Өнімнің жарамдылығының проценті мен төленетін ақының тура мөлшерін әкімшілік белгілейді. Мұндай жағдайда сотталған адамның тапқан табысы оған белгіленген разрядты тарифтік ставкасының үштен екі бөлігінен кем болмауы тиіс.

Өңделетін материалдың жасырын кінәраты салдарынан болған бұйымдардың ақауына сондай-ақ, сотталған адамның кінәсіз техникалық бақылау органдары қабылдап алған соң анықталған ақауға жарамды бұйымдармен бірдей ақы төленеді.

Сотталған адамның кінәсінен жасалған толық ақау ақы төлеуге жатпайды. Жарамсыз болған материалдар мен шикізаттың құны, сондай-ақ мұның алдындағы операциялардың еңбек шығынының құны ақау жіберген сотталған адамнан еңбек туралы заңдарда көзделген мөлшерде өндіріп алынады.

Сотталған адамның кінәсінен болған ішінара ақауға өнімнің жарамдылығына қарай төмендетілген нарық бойынша ақы төленеді.

Жаңа өндірісті игеру кезеңінде жіберілген ақауға тиісті разрядтағы мерзімді жұмысшының тарифтік ставкасының есебінен ақы төленеді. Әр кәсіпорында жаңа өндірісті игерудің алты айға дейінгі мерзімін жоғары тұрған ұйым белгілейді.

Сотталған адам өзі жасайтын өнімнің ақаулы екендігін білісімен дереу әкімшілікке хабар беруге міндетті. Егер сотталған адам бұл жөнінде әкімшілікке хабарламаса немесе жұмысты тоқтату жөніндегі әкімшіліктің өкіміне қарамай жұмысты жалғастыра берсе, онда бұдан былайғы жіберген ақау ақы төлеуге жатпайды, ал жарамсыз болған материал үшін еңбек туралы заңдарда көзделген мөлшерде еңбекақысынан ұсталып қалынады.

30. Бос қарап тұру салдарынан жұмыстан босаған сотталғандар бос қарап тұрған бүкіл уақытына дереу басқа жұмысқа ауыстырылуға тиіс. Мұндай жағдайда еңбекақы нақтылы орындаған жұмысына төленеді.

Жұмыссыз бос тұрудың себебі көрсетіліп сол күні актімен ресімделеді, оған цех бастығы (шебері) және отряд бастығы қол қояды, оның еңбекпен түзеу мекемесінің бастығы немесе кәсіпорын директоры, немесе бас инженер бекітеді.

Сотталған адамның кінәсінен бос қарап тұрған уақыт үшін ақы төленбейді.

Сотталған адамның кінәсіз бос қарап тұрған уақыт үшін, егер ол әкімшілікке (шеберге, отряд бастығына, басқа лауазымды адамдарға) босқа

тұрудың басталғаны жайында ескерткен болса, онда сотталған адамға белгіленген разрядтың тарифтік ставкасының үштен екісінен кем болмайтын е с е п п е н а қ ы т ө л е н е д і .

Сотталған адам бос қарап тұрудың басталғаны немесе оны туғызатындай себептер жайында дереу әкімшілікке хабарлауға міндетті. Сотталғандар бұл міндеттерін орындамаған жағдайда босқа тұруға ақы төленбейді және сотталған адамға жаза қолданылады.

XIII. Жаңа өндірістерді (өнімді) игеру кезінде еңбекке ақы төлеу

31. Жаңа өндірісті (өнімді) игеру кезінде әкімшілік сотталған адамға алты айға дейінгі мерзімде бұрынғы орташа тапқан табысы көлемінде қосымша ақы төлей алады.

XIV. Түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төлеу тәртібі

32. Сотталғандардың түнгі уақыттағы (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейінгі) жұмысы еңбек туралы заңдармен көзделгеннен басқа реттерде бір сағатқа қ ы с қ а р т ы л а д ы .

Кешкі ауысымда жұмыс істейтін сотталғандарға тиісті ауысымдағы жұмыстың әрбір сағаты үшін тарифтік ставканың 20 проценті, ал түнгі ауысымда істегені үшін әр сағатына - 40 проценті мөлшерінде қосымша ақы төленеді. Түнгі ауысымдағы жұмысы үшін қосымша ақы оның ұзақтығының кемінде 50 проценті түнгі уақытқа (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) келсе төленеді. Мұндай қосымша ақы түнгі уақыттағы жұмыс үшін қосымша ақының орнына төленеді. Кешкі немесе түнгі ауысымдағы жұмыс үшін қосымша ақы түнгі уақыттағы жұмыс сағаты үшін төленетін қосымша ақыдан аз болған жағдайда, жекелеген салалардың жұмысшыларына түнгі уақыттағы жұмыс үшін еңбекақы төлеудің заңда көзделген тәртібі сақталады.

Түнгі уақыттағы жұмыс үшін қосымша ақы жалақыға (ставкаға) енгізілсе, ол төленбейді, бұл жайында осы санаттағы жұмысшылардың еңбекақысын реттейтін тиісті нормативті актіде ескертіледі.

XV. Жүкті және емшекте баласы бар сотталған әйелдердің еңбегіне ақы төлеу шарттары мен тәртібі

33. Жүкті және емшекте баласы бар әйелдер еңбегінің шарттары еңбек туралы заңдармен реттеледі.

34. Сотталған әйелдер жүкті болуына және бала тууына байланысты босанардан бұрын 70 күнтізбе күнге, ал бала тапқаннан кейін 56 күнтізбе күнге жұмыстан босатылады. Қиын жағдайда босанған немесе 2 және одан да көп бала тапқан реттерде босанғаннан кейінгі демалыс 70 күнтізбе күн болады.

35. Емшектегі және бір жарым жасқа дейінгі балалары бар сотталған әйелдерге демалуға және тамақтануға берілетін жалпы үзіліске қоса, баласын тамақтандыру үшін қосымша үзіліс беріледі. Мұндай үзіліс үш сағат сайын, әрқайсысы кемінде 30 минут уақытқа беріледі.

Баланы тамақтандыруға берілетін үзіліс жұмыс уақытына қосылады және орташа тапқан табысы бойынша еңбекақы төленеді. Үзілістің мерзімі мен беру тәртібін әкімшілік белгілейді.

36. Баланы тамақтандыруға қосымша үзіліс берілетін сотталған әйелдердің өндірім нормасы оларға белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығына қарай, нарық өзгертілмей анықталады.

37. Жүкті болуына және босануына байланысты жұмыстан босатылған сотталған әйелге ақы төленбейді.

XVI. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың айлық ақысынан ақша ұстау

38. Еңбекпен түзеу мекемелерінде ұсталатын сотталғандардың айлық а қ ы с ы н а н м ы н а д а й р е т п е н :

- т а б ы с с а л ы ғ ы ;

- орындау қағаздары бойынша кәмелетке толмаған және еңбек етуге қабілетсіз кәмелетке толған балаларды, ата-аналар мен жұбайларды асырау үшін;

- тамақтың құны (арнайы тамақтан басқа);

- киімнің, іш киімнің және аяқ киімнің құны (арнайы киім мен аяқ киімнен б а с қ а) ;

- басқа орындау қағаздары мен құжаттары бойынша;

- жазаны өтеу кезінде сотталған адамның мемлекетке келтірген материалдық залалына өтем жасау үшін еңбекпен түзеу мекемесі бастығының қаулысымен ақша ұсталады.

39. Сотталғандардың өткен кезеңге есептелген айлық ақысынан табыс салығы қолданылып жүрген заңдармен белгіленген мөлшерде ұсталады.

Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМҚ-нің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

40. Сотталғандардың айлықақысынан орындау қағаздары және басқа орындау құжаттары бойынша ақша ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

41. Жалпы, күшейтілген, қатаң, ерекше режимдегі еңбекпен түзеу колонияларында, түрмелерде, сондай-ақ тергеу изоляторларында (шаруашылық қызмет көрсететін жұмыста істейтіндер) болған күндері үшін тамақтың құны ай сайын ұсталады.

Аурулығы бойынша жұмыстан босатылған сотталғандарға, сондай-ақ жүкті әйелдер мен баласы бар аналарға жұмыстан босатылған кезде тамақ тегін беріледі.

Сотталған адамның күндік тамағының құны тамаққа жұмсалған нақтылы айлық шығынның сомасын тамақтың орташа сметалық құнын оның айлық құнына бөлу және одан шыққан коэффициентті әр норма бойынша тәулік ішіндегі паектің орташа сметалық құнына көбейту жолымен анықталады.

Тамаққа жұмсалған нақты шығын ай сайын анықталады және оған:

- сотталғандардың тамағына жұмсалған азық-түліктің нақтылы құны;
- тағамды дайындауға байланысты шыққан шығындар (отын, су, энергия, ас үй мүліктері мен құралдарының амортизациясы, асхана және ас үй жұмысшыларының, сондай-ақ азық-түлікті сақтайтын және жеткізіп тұратын жұмысшылардың айлықақысы, көлік, азық-түлік дайындау шығындары және т.б.) қосылады. Аталған шығындар тамақтың құнына үстеме шығындар түрінде жатқызылады.

Жалақы алмауына немесе аз алуына байланысты сол айда ұсталмаған тамақтың құны келесі айларда ұсталмайды.

Есепті ай аяқталмай тұрып сотталғандармен есеп айырысқан жағдайда (босатқанда, тасымалдауда және т.б.) тамағы үшін сотталған адамның еңбекпен түзеу мекемесінде осы айда болған күндерінің санына қарай, тамақтың өткен айдағы орташа құны есебімен ақша ұсталады.

42. Сотталғандарға арнайы киім мен аяқ киімнен басқа берілетін киім, іш киім үшін оларды сатып алғандағы құны бойынша, мекемеде қалыптасқан үстеме шығындар ескеріліп айлықақысынан ақша ұсталады.

Киім, іш киім және аяқ киімнің құнын осы айда толық ұстауға сотталған адамның жалақысы жеткіліксіз болса, берешегі толық өтелгенше келесі айларда ұсталып отырады.

43. Еңбекпен түзеу қоныс-колонияларында жазасын өтеп жатқан сотталғандарға тамақ, киім-кешек жалпы негізде ақы алынып беріліп, коммуналдық тұрғын-үй және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетіледі. Дәрігерлік қызмет те жалпы негізде жұмысшылар мен қызметкерлерге сияқты көрсетіледі.

Өзіне байланысты емес себептермен жұмыс істемей, сол кезеңге айлықақы

алмай жүрген сотталғандарға көрсетілетін аталған қызмет түрлері сотталғандарды ұстаудың белгіленген нормалары бойынша еңбекпен түзеу қоныс-колонияларының сметасы есебінен жүзеге асырылады.

Бұл адамдарға қамтамасыз етудің заттай түрі орнына ақшалай өтем жасауға рұқсат етіледі.

Аурулығына байланысты жұмыс істемейтін қоныс-колонияларында ұсталатын сотталғандарға уақытша еңбекке жарамсыз болып қалғаны үшін жалпы ауруға шалдыққан кезде еңбекпен түзеу мекемесінде ұстау сметасының есебінен орташа айлықақының 25 проценті, кәсіби немесе еңбекте зақымданғаны үшін - 100 проценті мөлшерінде жәрдем ақы төленеді.

Еңбекпен түзеу қоныс-колонияларының бастығына, қажет болған жағдайларда, сотталғандарға 3 ай ішінде төлеп бітіретін, мемлекет белгілеген есептік көрсеткіштің мөлшерінде аванс беруіне рұқсат етіледі.

ЕСКЕРТУ. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09. N 987 қаулысымен.

44. Кәмелетке толмаған сотталғандарға, сондай-ақ I-II-топтағы мүгедектерге тамақ, іш киім мен аяқ киім тегін беріледі.

45. Жазаны өтеу кезінде мемлекетке келтірген залал үшін сотталғандардың айлықақысынан Қазақ ССР-нің еңбекпен түзеу кодексінде белгіленген тәртіппен ақша ұсталады.

46. Жалпы, күшейтілген, қатаң және ерекше режимдегі еңбекпен түзеу колонияларында, сондай-ақ түрмелерде ұстау режимін бұзбаған және белгіленген тапсырманы немесе өндірім нормасын орындайтын сотталғандардың жеке шотына, ұсталатын барлық ақша сомаларына қарамастан айлықақысының кемінде он проценті, ал I-II-топтағы режим бұзбайтын мүгедектерге - айлықақысының кемінде 25 проценті аударылуға тиіс.

Еңбекпен тәрбиелеу колонияларында ұстау режимін бұзбайтын сотталғандардың жеке шотына ұсталатын барлық ақша сомаларына қарамастан, айлықақысының кемінде 45 проценті қосылуға тиіс.

Жазасын еңбекпен түзеу қоныс-колонияларында өтеп жүрген сотталғандарға, ұсталатын барлық ақша сомаларына қарамастан, айлықақысының кемінде 50 проценті төлену керек.

47. Сотталған адамның айлықақысынан оның жеке шотына есептелетін ең аз мөлшерінің тізбесін ай сайын отряд бастығы цех (учаске) бастығымен немесе аға шебермен (цехсыз жүйеде) бірлесе отырып жасайды, оны еңбекті ұйымдастыру және айлықақы бөлімінің бастығы (аға инженер) тексергеннен соң еңбекпен түзеу мекемесінің бастығы немесе оның орынбасары бекітеді.

48. Сотталғандардың айлықақысының ұсталған барлық ақша сомаларынан қалған бөлігі сотталған адамның жеке шотына аударылады, олар бұл соманы ақшасыз есеп айырысу бойынша белгіленген тәртіппен пайдалана алады.

49. Жұмыстан қасақана жалтаратын сотталғандардан киімнің, іш киімнің және аяқ киімнің құны еңбекпен түзеу мекемесі бастығының қаулысы негізінде жеке шотындағы қаражатынан ұсталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК